



«АККРЕДИТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

ИУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын бастапқы мамандандырылған аккредиттеу (ex-ante)

## СТАНДАРТТАРЫ



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім  
беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын  
бастапқы мамандандырылған аккредиттеу (ex-ante)  
**СТАНДАРТТАРЫ**

Астана 2018

## АЛҒЫСӨЗ

**1** «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекеме **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН.**

**2** «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекеме директорының 2018 жылғы 25 мамырдағы №68-18/1-ОД бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

**3** Осы стандарттарда «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасы Заңының нормалары, «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II Қазақстан Республикасы Заңының ережелері іске асырылған.

**4** Осы стандарттар 2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген Еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттарымен (ESG, жаңа редакциясы) үйлестірілген.

**5 ТҮПНҮСҚА ҰСТАУШЫ** Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі: 010000, Астана қ., Б. Момышұлы к-сі, 2, ВП-4Г.

## **6 БІРІНШІ БАСЫЛЫМ**

Осы стандарттарды «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды.

## Кіріспе

Осы стандарттардың негізгі бағдарлары Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және 5 институционалдық реформа бойынша 100 нақты кадам – Ұлт жоспарында нақты тұжырымдалған білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттер негізінде айқындалған.

Институционалдық аккредиттеудің стандарттары мен критерийлерінде ұлттық міндеттер мен еуропалық талаптарды үйлесімді интеграциялау жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметін жақсартуға ықпал етеді және көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасы үшін жауапкершілікті арттырады.

Тәуелсіз бастапқы мамандандырылған аккредиттеу рәсімі үздік дәстүрлерді сақтай отырып, сапа мәдениетін неғұрлым жоғары деңгейде қалыптастыруды көздейтін Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтардың мазмұнымен келісілген стандарттар мен критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын стандарттар Болон процесінің қағидаттарын (объективтілік, ашықтық, ұтқырлық, жұртшылықты хабардар ету) ескереді және білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау моделі ретінде пайдалануға, Еуропалық қоғамдастықтың талаптарына сәйкес білім беру сапасының ұлттық жүйесін үйлестіруге арналған.

Осы стандарттар мен критерийлер Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттарымен үйлестірілген (ESG, 2015ж.), сапаны қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын ескере отырып әзірленген:

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасы үшін жауапкершілігі;

- жоғары білім берудің әртүрлі жүйелерінің (халықаралық білім беру нарығында), басқа ұйымдар мен студенттердің қажеттіліктеріне білімнің сәйкес келуі;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының сапа мәдениетін дамытуға бағытталуы.

Стандарттардың критерийлері студенттерге бағдарланған білім беру қызметтерінің сапа деңгейін анықтауға бағытталған.

# **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАСТАПҚЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУДІҢ СТАНДАРТТАРЫ МЕН КРИТЕРИЙЛЕРІ**

---

## **Негізгі ережелер**

---

### **1. Қолдану саласы**

1.1 Осы стандарттар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыруға және білім беру бағдарламасын бастапқы мамандандырылған аккредиттеуді (Ex-ante) жүргізуге қойылатын талаптарды айқындайды.

1.2 Осы стандарттар білім алушылар болмаған және мәртебесіне, ұйымдық-құқықтық нысанына, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, оқуды бітіру кезінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын бастапқы мамандандырылған аккредиттеу рәсімін жүргізу үшін қолданылады.

1.3 Осы стандарттар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жобаланатын және (немесе) іске асырылатын білім беру бағдарламасы қызметінің сапасын ішкі бағалауы үшін, сондай-ақ тиісті ішкі нормативтік құжаттаманы әзірлеу кезінде пайдалануы үшін ұсынылған.

### **2. Нормативтік сілтемелер**

Осы стандарттарды қолдану үшін мынадай құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

2.1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

2.2. «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 Заңы.

2.3. «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңы.

2.4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.

2.5. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 1012 Жарлығы.

2.6. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы.

2.7. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы.

2.8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.

2.9. «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімдерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 629 бұйрығы.

2.10. «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.

2.11. «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу құжаттарының нысандарын және аккредиттеу алдындағы, аккредиттеуден кейінгі шарттардың үлгілік нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы №430 бұйрығы.

2.12. «Әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге әскери стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 495 бұйрығы.

### **3. Терминдер мен анықтамалар**

Осы стандарттарда 2-тармақта көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады және оларға қосымша тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер пайдаланылады:

**3.1 Академиялық ұтқырлық:** Білім алушыларды немесе зерттеуші-оқытушыларды оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) өзінің жоғары оқу орнында немесе оқуды жалғастыру үшін басқа жоғары оқу орнында кредиттер түрінде меңгерген оқу бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта тапсыра отырып, басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелге) ауыстыру;

**3.2 Мамандандырылған аккредиттеу:** Білім беру ұйымы іске асыратын жекелеген білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау.

**3.3 Бастапқы мамандандырылған аккредиттеу (ex-ante):** Білім беру бағдарламаларының сапасын бастапқы бағалау.

**3.4 Талдау:** Аккредиттеу объектісінің жекелеген бөліктерін бөлумен және/немесе зерделеумен сипатталатын зерттеу әдісі, білім беру қызметтерінің сапасын бағалау үшін деректерді анықтау, жинау процесі.

**3.5 Аудит:** Келісілген критерийлердің орындалу дәрежесін белгілеу мақсатында аудит (тексеру) куәлігін алудың және оларды объективті бағалаудың жүйелі тәуелсіз құжатталған процесі.

**3.6 Сыртқы сараптау комиссиясының сапары:** ЖОО-ның өзін-өзі бағалауы бойынша бұрын ұсынылған есеппен шынайы сәйкестігін тексеруді, ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы мен тиімділігін бағалауды, стейкхолдерлермен әңгімелесуді және сауалнама жүргізуді, сондай-ақ сапаны арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеуді көздейтін тұтас аккредиттеу процесінің жалпы қабылданған компоненті.

**3.7 Еуропалық жоғары білім беру кеңістігі үшін жан-жақты біліктілік құрылымы (Framework of Qualifications for the European Higher Education Area):** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің үш деңгейін қамтитын біліктілік құрылымы: бакалавриат, магистратура және докторантура, білім беру нәтижелері мен құзыреттер негізінде әрбір деңгей үшін әмбебап Дублин дескрипторлары, сондай-ақ бірінші және екінші деңгейлер үшін кредиттер диапазоны.

**3.8 Қашықтықтан білім беру технологиялары:** Білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (қашықтықта) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

**3.9 Кредиттерді аудару мен жинақтаудың еуропалық жүйесі (European Credit Transfer and Accumulation System – ECTS):** Білім беру бағдарламаларын жоспарлаудың, сипаттаудың, оқыту нәтижелерін белгілеудің және танудың, сондай-ақ пәндердің еңбекті қажет ететінін оның барлық компоненттеріне айқындау арқылы студенттің жеке білім беру траекториясы бойынша ілгерілеу серпінін мониторингтеудің студентке орталықтандырылған тәсілі.

**3.10 Білім беру бағдарламаларының сапасы:** Білім алушылар мен түлектердің құзыреттілік деңгейінің кәсіптік стандарттардың талаптарына және білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым белгілеген қосымша талаптарға сәйкестігі.

**3.10 Кредиттік оқыту технологиясы:** Білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы білім алушының пәндерді оқу тізбегін таңдауы және өз бетінше жоспарлауы негізінде оқыту.

**3.11 Білім беру қызметтерінің мониторингі:** Білім беру қызметінің процестері мен рәсімдері туралы деректерді жинау және талдау.

**3.12 Бейресми оқыту:** Күнделікті еңбек жағдайлары барысында оқытуды көздейтін еңбек қызметін іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын оқыту.

**3.13 Білім беру мониторингі:** Білім беру процестерін жүзеге асырудың нәтижелері мен шарттарының жай-күйі және өзгеру серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау.

**3.14 Білім беру бағдарламасы:** Оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

**3.15 Бағалау:** Білім беру қызметтерінің жоспарланған нәтижелеріне, шешімдер қабылдау үшін бағдарламаның білім беру мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін айқындау және сапаны одан әрі арттыру бағытын айқындау тәсілі. Талдау барысында жиналған деректер мен дәлелдемелерді түсіндіру.

**3.16 Өзін-өзі бағалау есебі:** Өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша ЖОО әзірлейтін және аккредиттелетін органның қарап, шешім қабылдауы үшін ұсынылатын құжат.

**3.17 Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат:** ұжымдық талқылау негізінде айқындалған және ұйым басшылығы бекіткен сапаны қамтамасыз етуді дамудың түйінді басымдықтары мен құндылық бағдарларын сипаттайтын негізгі бағыттар.

**3.18 Ұйым қызметінің аккредиттеуден кейінгі мониторингі:** Ұйымның АҚ аккредиттеу туралы шешім қабылдағаннан кейін және көрсетілген шешімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырылатын осы стандарттарда баяндалған АРТА талаптарын орындауына мониторинг.

**3.19 Өзін-өзі бағалау:** Институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен критерийлері негізінде ЖОО-ны дербес бағалау рәсімі.

**3.20 Сапа жүйесі:** Белгіленген ережелер мен қабылданған әдістемелерге сәйкес сапа менеджментінің белгілі бір функцияларын орындайтын және білім беру бағдарламасының барлық түлектерінің кәсіби стандарттарға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін ұйымдағы бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың рәсімдерінің жиынтығы.

**3.21 Білім алуға арналған арнайы талаптар:** Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды қамтитын талаптар.

**3.22 Стейкхолдер (stakeholder):** Белгілі бір салада шешім қабылдауға мүдделі және/немесе қатысатын жеке тұлға, адамдар тобы немесе ұйым.



**3.23 Студентті орталықтандырылған оқыту:** Жоғары білім берудегі Болон реформаларының негіз қалаушы қағидат, ол білім беру процесіндегі акценттерді оқытудан (білімді «таратудағы» профессор-оқытушылық құрамның негізгі рөлі ретінде) оқуға (студентті белсенді білім беру қызметі ретінде) ауыстыруды көздейді.

**3.24 Сараптамалық бағалау:** Кейіннен шешім қабылдау мақсатында мамандардың пікірінің қаралатын проблемасын талдау негізінде баға алу рәсімі.

**3.25 Туімділік:** Қол жеткізілген нәтиже мен пайдаланылған ресурстар арасындағы арақатынас.

#### **4. Белгілер мен қысқартулар**

Осы стандарттарда 4-тармақта көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес қысқартулар пайдаланылған. Сонымен қатар, стандарттарда мынадай белгілер мен қысқартулар қолданылды:

**ҚР** – Қазақстан Республикасы

**ҚР БҒМ** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

**АК** – Аккредиттеу кеңесі

**ССК** – сыртқы сараптау комиссиясы

**МЖМБС** – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары

**МБДБ** – Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы

**ЖАОК** – жаппай ашық онлайн-курс

**АРТА** – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

**ҒЗЖ** – ғылыми-зерттеу жұмысы

**НҚА** – нормативтік құқықтық актілер

**ҰБШ** – Ұлттық біліктілік шеңбері

**ҰБЖ** – Ұлттық біліктілік жүйесі

**БҰ** – білім беру ұйымы

**ББ** – білім беру бағдарламасы

**ПОҚ** – профессор-оқытушылар құрамы

**ECTS** – Еуропалық кредит аудару және жинақтау жүйесі

**ESG** – Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен ұсыныстар.

## **5 Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеуді жүргізу рәсімі**

5.1 БҰ-ға құқық белгілейтін және рұқсат беру құжаттарының көшірмелерін қоса бере отырып, бастапқы мамандандырылған аккредиттеуді жүргізуге өтінім беру.

5.2 Білім беру ұйымының өтінімін АРТА-ның қарауы.

5.3 Бастапқы мамандандырылған аккредиттеу рәсімін бастау туралы АРТА шешімін қабылдау. Бастапқы мамандандырылған аккредиттеуді өткізу туралы агенттік пен БҰ арасында шарт жасасу.

5.4 БҰ және АРТА басшылығы бастапқы мамандандырылған аккредиттеуді өткізу теориясы, әдістемесі және технологиясы мәселелері бойынша арнайы семинарларда бастапқы мамандандырылған аккредиттеу критерийлері мен рәсімдерін БҰ ішкі сарапшыларына түсіндіру үшін оқытуды ұйымдастырады.

5.5 АРТА-да белгіленген талаптарға сәйкес БҰ өзін-өзі бағалауды жүргізу және өзін-өзі бағалау туралы есепті (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) АРТА-ға электрондық нұсқада және әрбір тіл үшін қағаз тасығышта 1 данада жолдау.

5.6 АРТА ЖОО білім беру бағдарламалары бойынша есепті талдау негізінде төмендегі шешімдерді қабылдауға құқылы:

- өзін-өзі бағалау материалдарын жетілдіру қажеттілігі туралы ұсыныстар әзірлейді;

- агенттіктің сыртқы сараптау комиссиясының сыртқы сараптамалық бағалауын өткізу;

- өзін-өзі бағалау есебінің осы стандарттардың критерийлеріне сәйкес келмеуіне байланысты бастапқы мамандандырылған аккредиттеу рәсімін жүргізудің мүмкін еместігіне байланысты аккредиттеу мерзімін ауыстыру.

5.7 АРТА аккредиттеуді жалғастырған жағдайда, сыртқы сараптау комиссиясын құрады, оны БҰ бағалауды жүргізу үшін АРТА директоры бекітеді. Сарапшылардың саны тексеру көлеміне және БҰ білім беру бағдарламаларының санына қарай айқындалады. Оның құрамына жұмыс берушілерді, білім алушыларды қоса алғанда, академиялық қоғамдастықтың, Қазақстанның мүдделі тараптарының өкілдері және шетелдік сарапшы/сарапшылар кіреді.

5.8 АРТА аккредиттеуді жалғастырған жағдайда, БҰ-мен бастапқы мамандандырылған аккредиттеуді өткізу мерзімдерін және ССК сапарының бағдарламасын келіседі.

5.9 Комиссия сапарының ұзақтығы 3-5 күнді құрайды. Сапар барысында ЖОО Қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес ССК жұмысына жағдай жасайды:

- комиссия мүшелерінің әрқайсысы үшін өзін-өзі бағалау туралы есептің электрондық және қағаз нұсқасын ұсынады;

- АРТА өкілімен келісім бойынша және ССК мүшелерінің санына қарай қажетті ұйымдастыру техникасын ұсынады;
- ССК сапарының бағдарламасына сәйкес ССК-ның инфрақұрылым мен ресурстарды тексеруін, кездесулерін, сауалнамаларын, сұхбаттарын және басқа да жұмыс түрлерін ұйымдастырады;
- сұратылған ақпаратты ұсынады;
- ССК жұмысының фото және бейнетүсірілімін ұйымдастырады;
- АРТА Аккредиттеу кеңесінің отырысына БҰ қысқаша сипаттамасын және сыртқы сараптау комиссиясы сапарының барысы туралы ақпаратты қамтитын бейнеролик дайындайды.

5.10 Сапар аяқталғаннан кейін сыртқы сараптау комиссиясы білім беру бағдарламаларын бағалау жөнінде есеп және ССК сапарының барысы туралы таныстырылым дайындайды.

5.11. Есепте ССК сапарының сипаттамасы, АРТА стандарттарының критерийлеріне қатысты білім беру бағдарламаларының сәйкестігін қысқаша бағалау, қызметті жақсарту және сапаны қамтамасыз ету бойынша ЖОО-ға ұсынымдар, Аккредиттеу кеңесіне ұсынымдар қамтылады. Аккредиттеу кеңесінің ұсынымдарында білім беру бағдарламасының мәртебесі және аккредиттеудің ұсынылатын мерзімі туралы ақпарат болады.

5.12 Ұсыныстарды қоса алғанда, ССК есебін ССК мүшелері алқалы түрде әзірлейді.

5.13 Сыртқы сараптау комиссиясының білім беру бағдарламаларын бағалау жөніндегі есебі және БҰ білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау туралы есебі Аккредиттеу кеңесінің бастапқы мамандандырылған аккредиттеу туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

5.14 Сыртқы сараптау комиссиясының төрағасы сыртқы сараптау комиссиясы сапарының қорытындылары бойынша Аккредиттеу кеңесінің алдында баяндама жасайды. Объективті себеп болған жағдайда, АРТА директоры Аккредиттеу кеңесінің отырысында баяндамамен қатысу үшін сыртқы сараптау комиссиясының мүшесін тағайындайды. Сыртқы сараптау комиссиясының төрағасын ауыстыру АРТА директорының бұйрығымен ресімделеді.

5.15 АРТА Аккредиттеу кеңесінің айрықша құзыретіне БҰ білім беру бағдарламасын аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімдер қабылдау жатады. Аккредиттеу кеңесінің құрамы оның қызметі туралы ережеге сәйкес айқындалады. Отырыс кворум болған жағдайда, өткізіледі. Аккредиттеу кеңесі сыртқы сараптау комиссиясының ұсынымына сәйкес келмейтін негізделген шешім қабылдауға құқылы.

Аккредиттеу кеңесі:

- аккредиттеу:
  - 1 жылға - жалпы критерийлер сақталған кезде, бірақ кейбір кемшіліктер мен жақсарту мүмкіндіктері болған кезде;
  - 3 жылға - тұтастай алғанда оң нәтижелер болғанда, бірақ жекелеген кемшіліктер мен жақсарту мүмкіндіктері болған кезде;

- 5 жылға - жалпы оң нәтижелер болғанда.
- аккредитацияламау туралы шешім қабылдайды.

5.16 АРТА Аккредиттеу кеңесі оң шешім қабылдаған кезде шешім нәтижелері бар ресми хат және білім беру ұйымына АРТА директоры қол қойған білім беру бағдарламаларын бастапқы мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлік жолдайды. Бұдан әрі аккредиттеу туралы шешім ҚР БҒМ-не Аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне (3-тізілім) енгізу үшін жіберіледі және АРТА-ның веб-сайтына орналастырылады. Сондай-ақ веб-сайтқа сыртқы сараптау комиссиясының есебі орналастырылады.

Білім беру бағдарламасын аккредиттеу туралы куәлікті алғаннан кейін БҰ өз сайтында өзін-өзі бағалау есепті орналастырады.

5.17 Аккредиттеу кеңесі АРТА теріс шешім қабылдаған кезде шығарылған шешімі бар БҰ-ға хат жолдайды.

5.18 БҰ Қызмет көрсету туралы шартқа және Апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі комиссия туралы ережеге сәйкес белгіленген тәртіппен Аккредиттеу кеңесінің шешіміне апелляцияны АРТА-ға жолдай алады. Сыртқы сараптау комиссиясының және Агенттік өкілдерінің құзыреттілігіне күмән туындаған немесе сыртқы сараптау комиссиясының мүшелері өрескел бұзушылық жасаған жағдайда, БҰ шағымды АРТА-ға жолдай алады.

## 6 Кейінгі рәсімдер

6.1 АРТА Аккредиттеу кеңесі оң шешім қабылдаған жағдайда, БҰ АРТА-ға Сыртқы сараптау комиссиясының ұсынымдары шеңберінде сапаны жақсарту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) ұсынады, оған бірінші басшы қол қояды және мөрмен куәландырылады, сондай-ақ АРТА-мен Қызметтер көрсету туралы шарт жасасады. Шарт пен Жоспар аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу үшін негіз болып табылады.

6.2 Білім беру ұйымдарын/білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес білім беру бағдарламаларын бастапқы мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім беру ұйымдары Жоспарға сәйкес аралық есептерді дайындауы тиіс. Аралық есептер аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізудің болжамды күніне дейін АРТА-ға жолданады.

6.3. БҰ ББ аккредиттеуден кейінгі мониторингі былайша жүргізіледі:

Аккредиттеу кезеңінің ұзақтығы	3 жыл	5 жыл
Аралық есепті ұсыну және сараптамалық сапарды өткізу кезеңділігі	1,5 жылдан кейін 1 рет	Әрбір екі жыл сайын 2 рет

6.4. АРТА-ның БҰ-ға қатысты қойылған талаптар мен Жоспар орындалмаған жағдайда, сондай-ақ БҰ-да өткізілетін өзгерістер туралы ақпарат болмаған жағдайда, Аккредиттеу кеңесі мынадай шешімдер қабылдауға құқылы:

- білім беру бағдарламасы бойынша аккредиттеу мәртебесінің қолданылуын уақытша тоқтата тұру,

- 3-тізілімінің тізімінен алып тастау арқылы БҰ білім беру бағдарламасын аккредиттеуді кері қайтарып алу, бұл бұрын қол жеткізілген барлық аккредиттеу нәтижелерінің күшін жоюға әкелуі мүмкін.

6.5 АРТА-мен қызмет көрсету туралы шартқа қол қойылмауына байланысты аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізуден БҰ бас тартқан жағдайда, 6.4-тармаққа сәйкес АРТА Аккредиттеу кеңесі аккредиттеу мәртебесін қайтарып алу және қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.6 Аккредиттеуді мерзімінен бұрын тоқтатқан және кері қайтарып алған жағдайда, БҰ білім беру ұйымын аккредиттеуді кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған сәттен бастап бір жыл ішінде АРТА-ға аккредиттеуге өтінім беруге құқығы жоқ.

## **7 «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты**

### **7.1 Жалпы ережелер**

ББ-ны басқару оның мақсаттарымен және даму жоспарымен айқындалады. ББ білім беру саласындағы ҚР заңнамасына және ҚР МЖМБС талаптарына толық көлемде сәйкес келуі тиіс.

### **7.2 Бағалау критерийлері**

7.2.1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында жарияланған сапаны қамтамасыз ету саясаты болуы тиіс. Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқу арасындағы байланысты көрсетуі тиіс.

7.2.2 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын, оның ішінде ББ қатысты көрсетуі тиіс.

7.2.3 Сапаны қамтамасыз етуге бейілділік бірлескен/қос дипломды білім беруді және академиялық ұтқырлықты іске асыру кезіндегіні қоса алғанда, мердігерлер мен серіктестер орындайтын (аутсорсинг) кез келген қызметке жатқызылуы тиіс.

7.2.4 ББ басшылығы ББ-нің жұмыс істеуін талдау, БҰның нақты жайғасымы және оның қызметінің мемлекеттің, жұмыс берушілердің, білім алушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы негізінде оның даму жоспарын әзірлеудің

ашықтығын қамтамасыз етуге дайын екендігін көрсетеді. Жоспарда білім беру бағдарламасын іске асыруды бастау мерзімі көрсетілуі тиіс.

7.2.5 ББ басшылығы ББ-ны дамыту жоспарын қалыптастыру және үнемі қайта қарау және оны іске асыру мониторингі, оқу мақсаттарына қол жеткізуді бағалау, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігі, ББ-ны үнемі жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау тетіктерінің бар екенін көрсетеді.

7.2.6 ББ басшылығы ББ даму жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамын тартуы керек.

7.2.7 ББ басшылығы ББ даму жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық басымдықтармен және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын дамыту стратегиясымен сәйкестігін көрсетуі керек.

7.2.8 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы ББ шеңберінде бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындамасын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бір мәнді бөлуді, алқалық органдар функцияларының аражігін ажыратуды көрсетуі тиіс.

7.2.9 ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығына дәлелдер ұсынуы керек.

7.2.10 ББ басшылығы ББ сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің болуын, оның ішінде оны жобалауды, басқаруды және бақылауды, оларды жақсартуды, фактілер негізінде шешім қабылдауды көрсетуі керек.

7.2.11 ББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды, оның ішінде бастапқы аккредиттеуден өтетін ББ шеңберінде жүзеге асыруға, сондай-ақ тәуекел дәрежесін азайтуға бағытталған шаралар жүйесін көрсетуге тиіс.

7.2.12 ББ басшылығы жұмыс берушілер өкілдерінің, ПОҚ, білім алушылар мен басқа да мүдделі тұлғалардың білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың репрезентативтілігін қамтамасыз етуі тиіс.

7.2.13 БҰ ББ шеңберінде инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс.

7.2.14 ББ басшылығы білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін ашық әрі қол жетімді болуға дайын екендігінің дәлелдерін көрсетуі керек.

7.2.15 ББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқудан өтуі керек.

## **8 «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты**

### **8.1 Жалпы ережелер**

БҰ білім алушылар мен түлектер контингенті, қолда бар ресурстар, кадрлық құрам, консалтингтік, зерттеу және халықаралық қызмет және ББ

басқару процестерінде қарқынды пайдалану үшін басқа да бағыттар бойынша статистиканы жинау және талдау жүйесінің болуын көрсетуі тиіс. БҰ ББ басқарудың, сондай-ақ қызметтің басқа да бағыттары ББ қатысты ақпараттың өлшенуін, анықтығын, дәлдігін, уақтылығын және толықтығын қамтамасыз ететін тиісті ақпаратты жинау, талдау және пайдалану негізінде жүзеге асырылатынына кепілдік беруі тиіс.

## **8.2 Бағалау критерийлері**

8.2.1 БҰ қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің болуын және ББ контекстінде ақпаратты жинау және талдау үшін әртүрлі әдістерді пайдаланатынын көрсетуі тиіс.

8.2.2 ББ басшылығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі пайдалану тетігін көрсетуі тиіс.

8.2.3 ББ басшылығы фактілер негізінде шешім қабылдауды көрсетуі керек.

8.2.4 ББ басшылығы бөлімшелер мен кафедралар қызметінің, ғылыми зерттеулердің нәтижелігі мен тиімділігін бағалауды қамтитын құрылымның барлық деңгейлерін көрсететін тұрақты есеп беру жүйесін қарастыруы керек.

8.2.5 БҰ ББ басқаруды, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін, ғылыми жобаларды іске асырудың кезеңділігін, нысандарын және бағалау әдістерін белгілеуге тиіс.

8.2.6 БҰ ақпараттың тәртібі мен қорғалуын қамтамасыз етуді айқындауды, оның ішінде ақпаратты талдаудың және деректерді ұсынудың дұрыстығы мен уақтылығына жауапты адамдарды белгілеуді көрсетуі тиіс.

8.2.7 Білім алушыларды, қызметкерлерді және ПОҚ-ты ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне тарту тетіктерінің болуы маңызды фактор болып табылады.

8.2.8 ББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен коммуникация тетігінің, оның ішінде қақтығыстарды шешу тетіктерінің болуын көрсетуі тиіс.

8.2.9 БҰ ББ шеңберінде ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктеріне қанағаттану дәрежесін өлшеу тетіктерінің болуын көрсетуі тиіс.

8.2.10 БҰ ББ қатыстыны қоса алғанда, қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігіне бағалау жүргізуді көздеуі тиіс.

8.2.11 ББ шеңберінде жинауға және талдауға болжанатын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:

тиімділіктің түйінді көрсеткіштері;

нысандар мен түрлерге қатысты білім алушылар контингентінің серпіні;

студенттердің үлгерімі, жетістіктері және оқудан шығуы;

білім алушылардың ББ-ны іске асыруға және ЖОО-да оқу сапасына қанағаттануы;

білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі.

8.2.12 БҰ білім алушылардың, қызметкерлер мен ПОҚ-тың дербес деректерін олардың құжаттық келісімі негізінде өңдеу рәсімдерінің іске асырылуы туралы растауы тиіс.

## **9 «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты**

### **9.1 Жалпы ережелер**

ББ іске асыру білім беру деңгейлерінің біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес келетін болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, сондай-ақ нарық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Білім беру бағдарламасы білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, жеке білім беру траекториясын құру мүмкіндігін көздейді.

### **9.2 Бағалау критерийлері**

9.2.1 БҰ ББ әзірлеу рәсімдерін және оны институционалдық деңгейде бекітуді айқындауы және құжаттауы тиіс.

9.2.2 ББ басшылығы оқытудың болжамды нәтижелерін қоса алғанда, әзірленген ББ-ның белгіленген мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі керек.

9.2.3 ББ басшылығы оқу нәтижелері мен жеке қасиеттерін сипаттайтын ББ түлегінің әзірленген моделінің болуын қамтамасыз етуі керек.

9.2.4 ББ басшылығы ББ мазмұнына сыртқы сараптама жүргізуді және оны іске асырудың жоспарланған нәтижелерін көрсетуі керек.

9.2.5 ББ аяқталғаннан кейін берілген біліктілік нақты анықталуы және ҰҚК-нің белгілі бір деңгейіне сәйкес келуі керек.

9.2.6 ББ басшылығы пәндер мен кәсіптік практиканың оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсерін анықтауы керек.

9.2.7 Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады.

9.2.8 ББ басшылығы білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдерлердің ББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс.

9.2.9 ББ еңбекті қажет етуі қазақстандық кредиттері мен ECTS-те нақты анықталуы тиіс.



9.2.10 ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұны мен оқыту нәтижелерінің оқу деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуі керек.

9.2.11 ББ құрылымында білім алушылардың жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін әртүрлі қызмет түрлерін көздеу қажет.

9.2.12 ББ мазмұны мен оқыту нәтижелерінің ЕЖБК-да жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын бағдарламалардың мазмұны мен нәтижелеріне сәйкестігі маңызды фактор болып табылады.

## **10 «Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау» стандарты**

### **10.1 Жалпы ережелер**

ББ мониторингі және мерзімді бағалау оның мақсаттарына қол жеткізуге, жоспарланған оқыту нәтижелерін толық қалыптастыруға бағытталған.

ББ басшылығы мониторинг және мерзімді бағалау жүргізу форматына қойылатын өз талаптарын айқындауы тиіс. Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін анықтауды және қанағаттандыруды қамтамасыз етуі тиіс.

### **10.2 Бағалау критерийлері**

10.2.1 БҰ мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ету және білім алушылар мен қоғамның қажеттіліктеріне жауап беру үшін ББ-ны мониторингтеу және мерзімді бағалау тетіктерін айқындауы тиіс. Бұл процестердің нәтижелері ББ-ны үнемі жетілдіруге бағытталуы керек.

10.2.2 ББ мониторингі және мерзімді бағалау мыналарды көздеуі тиіс:  
оқытылатын пәннің өзектілігін қамтамасыз ету үшін нақты пән бойынша ғылымның соңғы жетістіктері тұрғысынан бағдарламалардың мазмұны;  
қоғам мен кәсіби орта қажеттіліктерінің өзгеруі;  
білім алушылардың үлгерімі, жүктемесі және оқу бітіруі;  
білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі;  
білім алушылардың ББ бойынша оқудан алатын нәтижесі, қажеттіліктері және қанағаттануы;

білім беру ортасы мен қолдау қызметтері және олардың ББ мақсаттарына сәйкестігі.

10.2.3 БҰ, ББ басшылығы барлық мүдделі тұлғаларды ББ-ке қатысты кез-келген жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы хабардар ету тетігін анықтауы керек.

10.2.4 ББ-ке енгізілген барлық өзгерістер жариялануы керек. ББ басшылығы еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, ББ мазмұны мен құрылымын қайта қарау тетігін әзірлеуі тиіс.

## **11. «Студентке орталықтандырылған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты**

### **11.1. Жалпы ережелер**

Студентке орталықтандырылған білім беру білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуінде маңызды рөл атқарады. БҰ өз бағдарламаларына студентке орталықтандырылған білім беру процестерін енгізуі тиіс. Білімді бағалау ББ мақсаттарына әрбір білім алушының қол жеткізуін объективті бағалауды қамтамасыз етуі тиіс.

### **11.2 Бағалау критерийлері**

11.2.1 ББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды қамтамасыз етуі керек, оларға оқу траекториясының икемділігін қамтамасыз етуі керек.

11.2.2 ББ басшылығы оқыту мен оқудың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдануды қарастыруы керек.

11.2.3 ББ оқу пәндерін оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады.

11.2.4 ББ басшылығы оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану және оқыту нәтижелерін бағалау бойынша кері байланыс тетіктерінің болуын көрсетуі керек.

11.2.5 ББ басшылығы оқытушының басшылығы мен көмегімен қатар, білім алушылардың дербестігін қолдау тетіктерінің болуын көрсетуі керек.

11.2.6 ББ басшылығы білім алушылардың шағымдарына ден қою рәсімінің болуын көрсетуі тиіс.

11.2.7 БҰ апелляцияны қоса алғанда, әрбір ББ үшін оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің дәйектілігін, ашықтығын және объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс.

11.2.8 БҰ ББ білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау рәсімдерінің бағдарламаның жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс. ББ шеңберіндегі бағалау критерийлері мен әдістері алдын-ала жариялануы керек.

11.2.9 БҰ-да әрбір ББ түлегінің оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету тетіктері айқындалуы және олардың толық қалыптасуы қамтамасыз етілуі тиіс.

11.2.10 Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруі және осы салада үнемі біліктілігін арттыруы тиіс.

## **12. «Білім алушылар» стандарты**

### **12.1 Жалпы ережелер**

БҰ қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттауды қоса алғанда, оқудың барлық кезеңдерін реттейтін белгіліленген, жарияланған және дәйекті түрде қолданылатын қағидаларға ие болуы керек. ББ басшылығы оқытудың алдыңғы нәтижелерін, академиялық ұтқырлық шеңберінде игерілген құзыреттерді, қосымша, ресми және бейресми оқытуды тану тәртібін айқындауы тиіс.

### **12.2 Бағалау критерийлері**

12.2.1 БҰ оқуға түсуден бастап бітіруге дейінгі ББ қатысты білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатының болуын көрсетуі және оның рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылардың тіршілік ету кезеңін реттейтін рәсімдер (оқуға түскеннен бастап бітіргенге дейін) айқындалуға, бекітілуге, жариялануға тиіс.

12.2.2 ББ басшылығы білім алушылар контингентін қалыптастыру тәртібін мыналарды ескере отырып, анықтауы керек:

талапкерлерге қойылатын ең төменгі талаптар;

семинар, практикалық, зертханалық және студиялық сабақтарды өткізу кезіндегі топтың ең жоғары мөлшері;

мемлекеттік гранттардың санын болжау;

қолда бар материалдық-техникалық, ақпараттық ресурстарды, кадрлық әлеуетті талдау;

білім алушылар үшін ықтимал әлеуметтік жағдайларды, оның ішінде жатақханадан орын беруді талдау.

12.2.3 ББ басшылығы жаңа түскен және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімделу және қолдау бағдарламаларын өткізуге дайын екендігін көрсетуі керек.

12.2.4 БҰ өз іс-әрекеттерінің Лиссабон тану туралы конвенциясына сәйкестігін көрсетуі тиіс.

12.2.5 БҰ біліктілікті салыстырмалы тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және «Академиялық тану және ұтқырлық бойынша ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісі/Ұлттық академиялық ақпараттық тану орталықтары» ұлттық орталықтарымен ENIC/NARIC ынтымақтасуы тиіс.

12.2.6 ББ басшылығы білім алушылардың академиялық ұтқырлық нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, ресми және бейресми оқыту нәтижелерін тану тетігінің болуын көрсетуі керек.

12.2.7 БҰ ББ білім алушыларының сыртқы және ішкі ұтқырлығы үшін мүмкіндікті, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдем көрсетуге дайындығын қамтамасыз етуі тиіс.

12.2.8 ББ басшылығы білім алушыларды практикадан өту орындарымен қамтамасыз етуге, түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге және олармен байланыс орнатуға дайын екендігін көрсетуі керек.

12.2.9 БҰ ББ түлектерін алған біліктілігін растайтын құжаттармен, оның ішінде қол жеткізілген оқу нәтижелерімен, сондай-ақ алынған білімнің мәнмәтінімен, мазмұнымен және мәртебесімен және оның аяқталғанын растайтын құжаттармен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыруы керек.

12.2.10 ББ түлектерінің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу тетіктерінің болуы маңызды фактор болып табылады.

## **13 «Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты**

### **13.1 Жалпы ережелер**

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы объективті және ашық кадр саясатын іске асыруға және өз қызметкерлері үшін жауапты болуға және қолайлы жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге тиіс. БҰ студентке орталықтандырылған білім беруге көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін көрсетуі керек.

### **13.2 Бағалау критерийлері**

13.2.1 БҰ-ның объективті және ашық кадр саясаты, оның ішінде бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін персоналды жалдауды, кәсіби өсуін және дамуын қамтитын ББ қатысты болуы тиіс.

13.2.2 БҰ ПОҚ-тың кадрлық әлеуетінің ББ-ның даму стратегиясына және ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс.

13.2.3 ББ басшылығы өз қызметкерлері үшін жауапкершілікті сезінуді және оларға қолайлы жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуді көрсетуі керек.

13.2.4 ББ басшылығы студенттерді орталықтандырылған оқытуға көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін көрсетуі керек.

13.2.5 БҰ ЖОО-ның даму стратегиясын және басқа да стратегиялық құжаттарды іске асыруға ББ ПОҚ үлесін анықтауы тиіс.

13.2.6 БҰ ББ ПОҚ-тың мансаптық өсу және кәсіби даму мүмкіндіктерін ұсынуы тиіс.

13.2.7 БҰ басшылығы тиісті салалардың практиктерін оқытуға шақыруға дайын екенін көрсетуі қажет.

13.2.8 БҰ ББ оқытушыларының кәсіби және жеке дамуының мотивациясын көрсетуі керек, оның ішінде ғылыми қызмет пен білім беруді интеграциялағаны, оқытудың инновациялық әдістерін қолданғаны үшін ынталандыру.

13.2.9 ББ шеңберінде академиялық ұтқырлықты дамытуға дайындығы, үздік отандық және шетелдік оқытушыларды тарту маңызды фактор болып табылады.

## **14 «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты**

### **14.1 Жалпы ережелер**

Материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды қоса алғанда, студенттердің оқу ортасы білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келуі тиіс. ББ іске асыру үшін пайдаланылатын инфрақұрылымды тиісті дамыту білім алушылардың, оқытушылардың, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тұлғалардың инфрақұрылымға қанағаттануына жүргізілген мониторинг нәтижелеріне сүйене отырып, жүргізілуге тиіс.

### **14.2 Бағалау критерийлері**

14.2.1 БҰ ББ мақсаттарына сәйкес келетін оқу ресурстары мен білім алушыларды қолдау қызметтерінің саны жеткілікті екеніне кепілдік беруі тиіс.

14.2.2 БҰ ББ қатысты білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар) қажеттіліктерін ескере отырып, материалдық-техникалық ресурстардың және инфрақұрылымның жеткіліктілігін көрсетуі тиіс.

14.2.3 ББ басшылығы ақпараттандыру мен кеңес беруді қоса алғанда, білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерінің болуын көрсетуі тиіс. ББ басшылығы ақпараттық ресурстардың ББ ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс. Олар мыналарды қамтиды:

білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ-ты технологиялық қолдау (мысалы, онлайн-оқыту, модельдеу, дерекқор, деректерді талдау бағдарламалары);

жалпы білім беретін, базалық және бейіндеуші пәндер бойынша қағаз және электрондық жеткізгіштердегі кітапхана ресурстары, оның ішінде оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры, мерзімді басылымдар, ғылыми дерекқорларға қолжетімділік;

ҒЗЖ, оқу бітіру жұмыстары, диссертациялар нәтижелерін плагиатқа сараптау;

білім беру Интернет-ресурстарына қол жеткізу;

білім беру ұйымының аумағында WI-FI жұмыс істеуі.

14.2.4 БҰ білім беру бағдарламаларын игеру кезінде пайдалану үшін болжанатын оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдардың тиісті салаларда пайдаланылатындарға ұқсас болуына ұмтылуы тиіс.

## **15 «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты**

### **15.1 Жалпы ережелер**

ББ қоғамды оның қызметі туралы, бастапқы аккредиттелетін ББ іске асырудың шарттары мен ерекшеліктері туралы хабардар ету тетігі болуы тиіс. ББ басшылығы өз қызметін ББ-ны іске асыруда білім алушылардың, ПОҚ-ның, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың ашықтығы, айқындығы, қатысуы және хабардар болуы, бастамашылдығы, тұрақты дамуы және өзгеретін жағдайларға бейімделуі қағидаттары негізінде жүзеге асыруға тиіс.

### **15.2 Бағалау критерийлері**

15.2.1 «БҰ білім беру бағдарламасы және оның ерекшелігі туралы шынайы, объективті, өзекті ақпаратты жариялауы тиіс, олар мыналарды қамтиды:

іске асырылатын білім беру бағдарламасын оқытудан күтілетін нәтижелер;

білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік және (немесе) біліктілік;

оқыту, оқыту тәсілдері, сондай-ақ бағалау жүйесі (рәсімдер, әдістер мен нысандар);

білім алушыларға берілетін өту балдары мен оқу мүмкіндіктері туралы мәліметтер;

түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы мәліметтер.

15.2.2 ББ басшылығы қалың жұртшылықты және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін ақпаратты, оның ішінде БАҚ-ты, ақпараттық желілерді таратудың әртүрлі тәсілдерін көздеуі тиіс.

15.2.3 Жұртшылықты хабардар ету елдің ұлттық даму бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуі тиіс.

15.2.4 БҰ веб-ресурста тұтастай және білім беру бағдарламалары бөлінісінде сипаттайтын ақпаратты көрсетуі тиіс.

15.2.5 ББ ПОҚ туралы барабар және объективті ақпараттың болуы маңызды фактор болып табылады.

15.2.6 ББ шеңберіндегі серіктестермен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы жұртшылықты хабардар ету маңызды фактор болып табылады.

## **16 Жекелеген мамандықтарға қатысты стандарттар**

### **16.1 Жалпы ережелер**

Практикалық тәжірибенің әртүрлілігі, әлеуметтік ғылымдармен, экономикамен, бизнеспен және заңмен байланысты бағдарламаларда

дағдыларды игеру және, керісінше, гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық ғылымдар шеңберіндегі іргелі білімге баса назар аудару қажет.

## **16.2 Бағалау критерийлері**

### **16.2.1 БІЛІМ БЕРУ**

16.2.1.1 Білім беру бағдарламасының «Білім беру» бағыты мынадай талаптарға жауап беруі қажет:

16.2.1.1. ББ басшылығы бағдарлама түлектерінде психология саласындағы оқыту нәтижелерін және коммуникация саласындағы дағдыларды қалыптастыру, жеке тұлғаның мінез-құлқын талдау, жанжалдардың алдын алу және шешу әдістері, білім алушыларды мотивациялау тетіктерінің болуын көздеуі керек.

16.2.1.1.2 ББ басшылығы бағдарламада оқытудың инновациялық және оқытуды жоспарлау әдістерімен, оның ішінде интерактивті оқыту әдістерімен, білім алушылар көбірек қатысатын мен ынталандырылатын оқыту әдістермен (ойындар, кейстерді/жағдайларды қарау, мультимедиялық құралдарды пайдалану) оқытатын пәндердің болуын екенін көрсетуі керек.

16.2.1.1.3 ББ аясында әр түрлі тәжірибелерге баса назар аудару керек:

- оқытушылар өткізетін сыныптардағы дәрістерге және басқа да сабақтарға қатысу

- оқытудың жаңа технологиялары мен әдіснамаларын талқылау және арнайы семинарлар өткізу

- білім алушылардың практик маман оқытатын өз мамандануы саласындағы кемінде бір пәнді тыңдау мүмкіндігі

16.2.1.1.4 ББ мазмұны білім алушылардың педагогиканың әлемдік білім жүйесін, дағдылары мен әдістерін игеруін, сондай-ақ білім беруді басқару саласындағы білімдерін қарастыруы керек.

### **16.2.2 ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР, ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР, ЭКОНОМИКА, БИЗНЕС ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЗМЕТТЕР**

16.2.2.1 Білім беру бағдарламасының «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес», «Гуманитарлық ғылымдар» және «Құқық» бағыттары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

16.2.2.1.1 ББ басшылығы бағдарлама шеңберінде оқыту мамандану саласындағы әлемдік ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде, сондай-ақ оқытудың қазіргі заманғы және озық әдістемелерін пайдалана отырып, жүргізілетінін көздеуі тиіс.

16.2.2.1.2 ББ басшылығы білім алушылардың мамандану саласындағы заманауи және өзекті деректерге (статистика, жаңалықтар, ғылыми нәтижелер) қағаз (газеттер, статистикалық деректер жинақтары, оқулықтар) және электрондық тасығыштарға қол жеткізу мүмкіндігін көздеуі тиіс.

16.2.2.1.3 Оқытудың мақсаттары мен нәтижелері білім алушылардың еңбек нарығында талап етілетін нақты дағдыларды алуына бағытталуы тиіс.

16.2.2.1.4 ББ білім алушылардың өндірістік тәжірибе ретінде теориялық білімді қолданудың практикалық тәжірибесін алуға бағытталған пәндер мен іс-шаралардың жеткілікті санын қамтуы керек -кәсіпорындарда оқудан өту, практик мамандардың дәрістері мен семинарларына қатысу және т.б.

### **16.2.3 ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ, ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

16.2.3.1 Білім беру бағдарламасының «Жаратылыстану ғылымдары», «Техникалық ғылымдар мен технологиялар» бағыттары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

16.2.3.1.1 ББ жалпы мамандық және атап айтқанда, бейінді пәндер бойынша практикалық тәжірибе мен дағдыларды алуға бағытталған пәндер мен іс-шараларды қамтуы керек, оның ішінде:

- мамандандыру үшін кәсіпорындарға экскурсиялар (зауыттар, шеберханалар, зерттеу институттары, зертханалар, оқу-тәжірибелік шаруашылықтар және т.б.)

- мамандандыру кәсіпорнында жеке сабақтар немесе тұтас пәндер өткізу

- мамандандыру саласындағы кәсіпорындар үшін өзекті практикалық міндеттерді шешу үшін семинарлар өткізу және т.б.;

16.2.3.1.2 Бағдарламаға тартылған профессор-оқытушылар құрамы Білім беру бағдарламасын мамандандыру саласындағы кәсіпорындарда штаттық қызметкер ретінде ұзақ жұмыс тәжірибесі бар штаттағы оқытушыларды, практиктерді қамтуы керек.

16.2.3.1.3 ББ барлық пәндерінің мазмұны іргелі жаратылыстану ғылымдарының мазмұнымен нақты байланысты қамтуы керек.

16.2.3.1.4 ББ басшылығы мамандандыру саласындағы практикалық дайындықты күшейту үшін шараларды қарастыруы керек.

16.2.3.1.5 ББ басшылығы білім алушыларды қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану саласында даярлауды көздеуі тиіс.

### **16.2.4 ӨНЕР**

16.2.4.1 «Өнер» бағытының білім беру бағдарламалары мынадай талаптарға сай келуге тиіс:

16.2.4.1.1 ББ басшылығы түлектердің өнер саласындағы теориялық білімдерін және шығармашылық арқылы өзін-өзі көрсету дағдыларын қалыптастыруды көздеуі керек, олар ББ-ның бастапқы аккредиттелуіне байланысты.



16.2.4.1.2 ББ басшылығы білім алушыларды өздігінен білім алу және өздігінен даму дағдыларын қалыптастыруды көздеуге тиіс.

16.2.4.1.3 ББ практик маман оқытатын мамандану саласындағы кемінде бір пәнді тыңдауға мүмкіндік беруі керек.

16.2.4.1.4 ББ білім алушылардың жеке немесе шағын топтарда шығармашылық дағдыларды игеруін қамтамасыз ететін мүмкіндігінше көп пәндер мен іс-шараларды қамтуы керек.

16.2.4.1.5 ББ басшылығы білім алушылар үшін білім алушылардың шығармашылық дағдыларын көрсетуге ықпал ететін барынша көп іс-шараларды көздеуі тиіс.

16.2.4.1.6 Шығармашылық жұмыс, концерттерге, байқауларға қатысу және т.б. осы бағыт аясында ғылыми қызметтің бір бөлігі болып табылады.

16.2.4.1.7 Білім беру бағдарламасы білім алушыларды кәсіби ортамен және мамандану саласындағы өзекті мәселелермен таныстыру мақсатында, сондай-ақ теориялық дайындық негізінде дағдыларды игеру үшін жалпы мамандық және бейіндік пәндер бойынша практикалық тәжірибе мен дағдыларды алуға бағытталған пәндер мен іс-шараларды қамтуы керек, оның ішінде.:

- мамандандыру саласындағы кәсіпорындарға экскурсиялар (мұражайлар, театрлар, конструкторлық бюролар және т.б.);

- мамандандыру кәсіпорнында жеке сабақтар немесе тұтас пәндер өткізу;

- мамандандыру саласындағы кәсіпорындар үшін өзекті практикалық міндеттерді шешу үшін семинарлар өткізу және т.б.

16.2.4.1.8 Білім алушылардың шығармашылық емтихан жұмыстарын алқалық бағалау тетігінің болуы ББ шеңберіндегі маңызды фактор болып табылады.

## **17. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

17.1 Білім беру бағдарламасын бастапқы мамандандырылған аккредиттеудің (ex-ante) қолданыстағы стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар одан әрі жетілдіру мақсатында енгізіледі.

17.2 Стандарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді АРТА жүзеге асырады.

17.3 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары және басқа да мүдделі органдар қолданыстағы стандарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасаған жағдайда, ұсыныстар мен ескертпелер АРТА-ға жолданады.

17.4 Келіп түскен ұсыныстар мен ескертулердің негізділігі мен мақсаттылығына сараптаманы АРТА белгіленген тәртіппен жүргізеді.

17.5. Білім беру бағдарламасын бастапқы мамандандырылған аккредиттеудің (ex-ante) қолданыстағы стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар АРТА директорының бұйрығына сәйкес өзгерістермен жаңа

редакцияда немесе қолданыстағы стандарттарға кітапша-қосымша түрінде енгізіледі.

## Библиография

[1] «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

[2] «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 Заңы.

[3] Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы.

[4] «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы.

[5] Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.

[6] «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімдерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 1 қарашадағы №629 бұйрығы.

[7] Quality Procedures in the European Higher Education Area and Beyond - Second ENQA Survey, ENQA, 2008, Helsinki.

[8] ECTS (Еуропалық кредит аудару және жинақтау жүйесі) пайдалану жөніндегі нұсқаулық. - Еуропалық Одақтың жарияланымдар кеңсесі, 2015 жыл, ISBN 978-92-79-43562-1 (2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген).

[9] Еуропалық жоғары білім кеңістігінде (ESG) сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары (жаңа редакция) (2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген).

[10] Инженерия, информатика, сәулет, жаратылыстану ғылымдары, математика саласындағы дәрежені бере отырып, білім беру бағдарламаларын аккредиттеудің жалпы критерийлері салалар бойынша бөлек немесе әртүрлі мамандықтардың комбинациясында, Инженерия, информатика/компьютер ғылымдары, жаратылыстану ғылымдары және математика саласындағы дәрежені бере отырып, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу агенттігі (ASIIN), Дюссельдорф (Германия), 2012 ж., 55 бет.

[11] Criteria for accrediting Engineering technology programs, ABET, 2012, Baltimore.

[12] Accrediting standards, ACEJMC, 2006.